

«Мирас» мектебіндегі цифрлық оқыту

Алғы сөз

2020 жылдың наурыз айында әлемде көптеген өзгерістер орын алды. Коронавирустың бүкіл әлемге таралуына және «COVID-19 пандемиясының» жариялануына орай, осынау төнген қауіптен аман қалу мақсатында қоғам бір-бірімізге көмектесу үшін осылайша әрекет етуге мәжбүр болды. Технология бұл жағдайда маңызды рөл ойнады, ол әр елдің осы қауіпке қарсы тұруы барысында қабылдаған шаралары мен іс-әрекеттерін үйлестіруге көмектесті.

Сонымен бірге, әлемдегі басқа халықаралық мектептермен қатар, «Мирас» мектебінде де оқыту форматы өзгерді, сыныптағы оқытудың дәстүрлі үлгісінен қашықтан оқыту форматына көшті. Цифрлық мектепке айналу үшін алдағы бірнеше жыл барысына жоспарлаған көптеген өзгерістер бір күннің ішінде жүзеге асырылды.

Пандемия жарияланғанға дейін де бізге технологияның күнделікті өмірге тигізер әсері нәтижесінде оқытудың дәстүрлі түрі өзгеретіні белгілі болатын. Сонымен қатар, бізге мектептің заман талабына сай өзгеріске ұшырайтыны белгілі еді. Алайда, біз карантин кезінде мектептің жұмыс істеуін қамтамасыз етуде технологияның рөлі қаншалықты зор болуы мүмкін екендігі туралы түсінігіміз ауқымды емес болатын. Осы жағдайды талдай отырып, біз алда жоспарлап отырған цифрлық мектепті құру кезінде қашықтықтан оқыту кезінде алған сабақтарымызды ескерген дұрыс және орынды деп санаймыз.

Цифрлық мектеп құру жолындағы қадамдардың бірі - қарапайым сыныптарда қашықтықтан оқыту үшін біз жасаған құралдарды қолдану. Осы мақсатта оқушылардың мектептегі күнделікті сабақтарында цифрлық оқу құралдарын қолдану ынталандырылады. Бұл құжат студенттерге осы мақсатқа жетуге көмектесетін цифрлық білім беру ортасын құруға арналған эксперименталды бағдарламаны сипаттауға арналған.

Құрылғыңызды әкеліңіз

Мектептегі негізгі пәндер бойынша техникалық құралдарды қолдану бағытында шаралар қабылданғанына қарамастан, олар қашықтықтан оқытуға көшпес бұрын біз қалайтындай деңгейде қолданылмады. Технологияны дәстүрлі оқыту форматында (яғни, сыныпта) кеңінен қолданудың алғашқы белгілері 2020 жылдың қыркүйегінде орта мектепте В.У.О.Д. (Құрылғыңызды әкеліңіз) саясаты енгізіле бастағанда белгілі болады.

(Бастауыш мектепте сәл өзгеше тәсіл қолданылады, оның егжей-тегжейін бастауыш мектептің өкілімен байланыс арқылы білуге болады.)

В.У.О.Д. = Құрылғыңызды әкеліңіз

Бұдан әрі құжатта осы саясат туралы ақпараттар жиі қойылатын сұрақтар түрінде берілген, бұл ата-аналарға оны түсінуге және оны тиімді пайдалануға көмектеседі.

Жиі қойылатын сұрақтар

Қандай аппараттық және программалық жасақтаманы қолдана аламын?

1. Балам мектепке қандай есептеу құрылғыларын әкеле алады?

- Студенттер келесі категорияларға кіретін құрылғыларды қолдана алады:
- ноутбук / нетбук / планшет / электрондық кітап
- кейбір жағдайларда мұғалімдерге ұялы телефон / смартфон және MP3 плеер пайдалануға рұқсат етілуі мүмкін.

- күрделі академиялық мәселелерді шешу үшін пернетақта мен экранмен жұмыс істеу (ең аз мөлшері 25 см) ұсынылады.
 - Дипломдық бағдарлама студенттері күнделікті сабақта да, сабақтан кейін де тапсырмалардың сипатына байланысты ноутбук әкеле алады.
 - МҮР 10 және 11 сынып оқушыларына күрделі бағалау тапсырмаларымен жұмыс істеу барысында кейде ноутбукті қолдану қажет болады.
- 2. Менің құрылымды Интернетке қалай қосуға болады?**
- «Мирас» мектебінде Wi-Fi бар, оқушылар оған мектепте жүргенде қосыла алады.
 - Сонымен қатар, студент тараптық жеткізіп берушінің қызметтерін қолдана алады. Бұл жағдайда осы Интернет-провайдердің қызметін пайдалануға байланысты барлық шығындар үшін ата-ана жауапкершілік атқарады.
 - Қауіпсіздік мақсатында студенттерге жеке есептеу құрылғыларын «Мирас» мектебінің сымды желісіне қосуға тыйым салынады.
- 3. Қосымша жабдық қажет пе?**
- Күнделікті қолдануға арналған құрылғыларға қосымша қорғаныс беретін жұмсақ (қорғаныс) сөмкелер мен қорғаныш қаптамаларды пайдалану ұсынылады.
 - Сонымен қатар, микрофонды құлаққап аудио және / немесе бейне мазмұны бар веб-сайттарға, әсіресе тіл пәндері бойынша сабақтарға кірген кезде пайдалы болуы мүмкін.
- 4. Баламның құрылғысын «қуаттап алатын (зарядтауға болатын)» жер бар ма? (қажет болса, қайта қуаттау)?**
- Біз күн сайын әр сабақта құрылғыны қолдану қажет болады деп ойламаймыз. Заманауи технологиялар батареяның қызмет ету мерзімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондықтан оның қуаты күндіз сабақ өтетін уақытқа жеткілікті болады. Оқушыларға мектепке әкелетін құрылғыларының таңертең толығымен зарядталуын қамтамасыз ету ұсынылады.
 - **«Қуат алатын орын» ұсынылмайды.**
- 5. Баламның құрылғысының техникалық сипаттамасына қойылатын талаптар бар ма?**
- Компьютер сатып алу - сіздің жеке таңдауыңыз. Әрине, әркім өз баласына қолайлы болатын құрылғыны таңдауы керек.
 - Құрылғы Интернет-ресурстарды қолдану арқылы өткізілетін сабақта қолданылады, сондықтан жалғыз талап - «Мирас» мектебінің Wi-Fi желісі нүктелеріне қосылатын мүмкіндіктің болуы шарт.
- 6. Балам iPad немесе Android планшеттерін қолдана ала ма?**
- Планшет, нетбук немесе ноутбуктың кез-келген түрін пайдалануға болады.
 - Сіздер қандай құрылғы таңдасаңыз да, ол «Мирас» мектебінің Wi-Fi кіру нүктелеріне қосыла алуы тиіс.
- 7. Баламның компьютеріне қандай бағдарламалар орнатылуы керек?**
- Қажет болса, құрылғыға антивирусты орнату ұсынылады.
 - Басқа бағдарламаларды сатып алу қажет емес. Студенттерге Microsoft 365 онлайн қосымшасына (Word, PowerPoint, Excel және т.б.) тіркелу арқылы, сондай-ақ OneDrive сақтау мүмкіндігі беріледі.

Жауапкершілікке қатысты сұрақтар.

- 1. Мектепке әкелетін техникалық құрал-жабдықтардың құнын кім төлейді?**
 - Бұл құрылғыларды ата-аналар сатып алады және олардың меншігі болып табылады.
- 2. Жеке құрылғыларды жөндеуге немесе жаңартуға жауапкершілікті кім атқарады?**
 - Студенттер мен олардың ата-аналары өздерінің жеке құрылғылары үшін өздері жауап береді.
 - «Мирас» мектебінде жеке есептеу құрылғыларын жөндеу немесе жаңартуға арналған техникалық қолдау қызметі жоқ.
- 3. Сіздің балаңыздың мектепке әкелетін құрылғылардың бүлінуіне, жоғалуына немесе ұрлануына кім жауапты болады?**

- Ата-ана баласының мектепке әкелетін құрылғысы үшін баланың өзі жауапты екенін ерекше атап өтуі керек. Балалар мектепке әкелетін барлық құрылғыларына өздері жауап береді.
 - «Мирас» мектебі жоғалған немесе ұрланған құрылғыларды іздеуге жауапты емес, сонымен қатар зақымдалған, жоғалған немесе ұрланған дербес есептеу құрылғыларын қалпына келтіруге жауап бермейді.
- 4. Бізге үйге интернет керек пе?**
- Бала Интернет ресурстарын толықтай қолдана алуы және оған мектеп қолданатын онлайн-платформалар қол жетімді болуы үшін үйде Интернет болғаны жөн.
- 5. «Мирас» мектебі тағы нелерді ұсынады?**
- Құрылғыны ұрланудан және ықтимал қауіптерден сақтандырған жөн.
 - Жаңа құрылғыны сатып алғанда, кеңейтілген кепілдік пакетін сатып алуды қарастыру керек.
 - Студенттерге қауіпсіздік мақсатында өз құрылғыларын, сондай-ақ жеке заттарын оқу күні барысында локерде сақтау ұсынылады. Құрылғыларды локерде көрсетілген мерзімнен ұзақ уақытқа (мысалы, оларды түнге немесе демалыс күндеріне және т.б.) қалдырып кетуге болмайды.

Қосымша ақпараттар

- 1. Егер баламның мектепке әкелетін Интернетке қосылған құралы болмаса, оның оқу процесі несімен ерекшеленеді?**
- Цифрлық оқыту саясатына көшудің алғашқы сатысында балаңыздың құрылғысы болмаса, біз бұл жағдайдың оқу процесіне немесе академиялық үлгеріміне әсер етпеуі үшін барлық мүмкіндіктерді жасаймыз.
 - Көптеген сабақтар студенттердің бірлесіп жұмыс істеуін және дербес құрылғылар арқылы алынған ақпаратты ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін ынтымақтастық элементтерін қамтиды. Саясатты іске асырудың алғашқы айларында жекелеген студенттер сынып бөлмелеріндегі және кітапханада орналасқан компьютерлер мен басқа да құрылғыларды қолдана алады.
- 2. Қол қойылған Дерекқорды қолайлы пайдалану саясаты (Acceptable Use Policy) баламда болуы керек пе?**
- Иә. «Мирас» мектебі компьютерлік желі мен Интернетті пайдалануды бақылауды жүзеге асыруы үшін ата-аналар мен оқушылар «Acceptable Use Policy /Қолайлы пайдалану саясатымен» танысып, оқу жылының басында үлгіге қол қою керек.
 - Қолайлы пайдалану саясаты туралы егжей-тегжейлі ақпарат пен үлгі көшірмесі Оқушы мен ата-анаға арналған нұсқаулығында берілген.
- 3. Балам құрылғыны мектепте қай уақытта қолдана алады?**
- Оқушылар өз құрылғыларын мұғалімнің нұсқауымен сыныпта қолдана алады. Біздің болжамдарымыз бойынша, мұғалімдер оқушылардан күнделікті құрылғыларды әкелуді талап етпейді.
 - Студенттер өз құрылғыларын сыныпта, үзіліс кезінде, сабақтан кейін, сонымен қатар кітапханада (тек DP студенттеріне қатысты) қолдана алады.
- 4. Балам құрылғыны мектепте де, үйде де қолдануы керек пе?**
- Дәстүрлі тапсырмалар сияқты, кейбір тапсырмаларды үй тапсырмасының бөлігі ретінде орындау қажет. Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе немесе үйде пайдалану мүмкін болмаса, оқушыға мектептегі компьютерге қол жетімділік берілуі мүмкін.
- 5. Баламның жұмысы қай жерде сақталады?**
- Студенттер Microsoft Office 365 (OneDrive) қоймасына қол жетімділікті қамтамасыз ететін мектептің электрондық поштасындағы өзінің есептік тіркелуі арқылы құжаттарды сақтай алады.
 - Интернет-қызметтерге қосылуда қиындықтар туындаған кезде портативті флэш-жинақтауышын (флэшкілер) резервтік көшірме ретінде пайдалану ұсынылады.
- 6. Оқушылар өз құрылғыларынан құжаттарды басып шығара ала ма?**

- Оқушылар өздерінің дербес құрылғылары арқылы мектептің принтерлерінен құжаттарды басып шығара алмайды.
- Құжаттарды «Мирас» мектебіне email немесе басқа электронды тәсілдер арқылы жіберуге болады.
- «Мирас» мектебінің студенттеріне мектептегі және үйдегі қағаз ресурстарын үнемдеу ұсынылады.

Маңызды

1. «Мирас» мектебінде электронды құрылғыларды қайда пайдалана алады?

- Төмендегі кестеде студенттер «Мирас» мектебінде өз құрылғыларын қайда қолдана алатындығы көрсетілген

| Орын | Ноутбук, нетбук, планшет | Ұялы телефон, смартфон | MP3 плеер | Электронды кітап (eReader) |
|---|---|---|---|---|
| Сынып | Мұғалімнің нұсқауымен | Мұғалімнің нұсқауымен | Мұғалімнің нұсқауымен | Мұғалімнің нұсқауымен |
| Дәліз (сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта) | болмайды | болмайды | болмайды | болмайды |
| Өз бетінше оқу уақыты (DP студенттеріне ғана) | Оқыту мақсатында | Оқыту мақсатында | Оқыту мақсатында | Оқыту мақсатында |
| Тамақтанатын үзіліс уақытына | болады | болады | болады | болады |
| Спортзал | Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің нұсқауымен | Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің нұсқауымен | Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің нұсқауымен | Дене тәрбиесі пәні мұғалімінің нұсқауымен |
| Кітапхана | Кітапханашының нұсқауымен | Кітапханашының нұсқауымен | Кітапханашының нұсқауымен | Кітапханашының нұсқауымен |
| Іс-әрекет (активити) | Оқыту мақсатында немесе уақытты өз бетінше өткізу кезеңінде | Оқыту мақсатында немесе уақытты өз бетінше өткізу кезеңінде | Оқыту мақсатында немесе уақытты өз бетінше өткізу кезеңінде | Оқыту мақсатында немесе уақытты өз бетінше өткізу кезеңінде |

2. Барлық электронды құрылғылар:

- Мектеп қызметкерлері сыныпта (мұғалім) және / немесе кітапханада (кітапханашы) электронды құрылғылардың қашан және қандай түрлерін пайдалануға болатындығын толық бақылайды.
- Бір сынып бөлмесінен басқа сынып бөлмесіне ауысқанда электронды құрылғылар пайдаланылмайды.
- Студенттер бір сынып бөлмесінен басқа сынып бөлмесіне ауысқан кезде құлаққап киюге болмайды.

3. Сыныпта ұялы телефондарды пайдалану:

- Мектеп қызметкерлері оқушыларға Интернет желісіне, т.б. қол жетімді болу үшін сыныптағы жұмыстың бір бөлігі ретінде ұялы телефондарды пайдалануға рұқсат етуі мүмкін.

4. Электрондық кітап мен MP3-плеер:

- Оқушылар бір сынып бөлмесінен басқа сынып бөлмесіне ауысқан кезден басқа уақытта мектепте (кез келген жерде) қолдана алады.